

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы»
акционерлік қоғамы**

**«ҰТК» АҚ Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «28» мамырдағы
шешімімен бекітілген
№ 10 хаттама**

**2024 жылғы «28» мамырдан
бастап күшіне енеді**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем
корпорациясы» акционерлік қоғамындағы тәуекелдерді басқару
САЯСАТЫ**




Тір. № 64

Алматы қаласы

Өзірледі:

Бас тәуекел-бақылаушысы		Т.А.Винаева	27.05.2024
Лауазымы	Қолы	ТАӨ	Күні

1. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Лауазымы	Келісушінің Т.А.Ә.	Қолы	Күні
1	Басқарма Төрағасының орынбасары	Ж.Т.Самаева		
2	Басқарма Төрағасының орынбасары	А.М.Марченко		
3	Аппарат Басшысы	А.С.Кентбеков		

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	4
2. Негізгі ұғымдар.....	4
3. Тәуекелдерді басқарудың мақсаты мен міндеттері	5
4. Тәуекелдерді басқару қағидаттары.....	6
5. Тәуекелдерді жіктеу және тәуекелдер критерийлері.....	7
6. Тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысушылардың ұйымдық құрылымы мен рөлі	8
7. Тәуекелдерді басқару процесі	10
8. Басқа ережелер.....	12

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамының тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу және оған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚР ҰБ) жүктеген функцияларды орындау процесінде туындайтын тәуекелдерді басқарудың жалпы тәсілдерін белгілейді

2. Саясат тәуекелдерді басқарудың мақсатын, міндеттері мен қағидаттарын, тәуекелдердің жіктелуін, сондай-ақ тәуекелдерді басқаруға қатысушылардың процесі мен рөлінің сипаттамасын айқындайды.

3. Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ҚР ҰБ реттеуші талаптарына, тәуекелдерді басқару саласындағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес әзірленді.

2. Негізгі ұғымдар

4. Саясатта мынадай терминдер пайдаланылады:

1) тәуекелдерді бағалау объектілері – Қоғамның сәйкестендірілген бизнес-процестері мен активтері;

2) тәуекел – белгісіздіктің мақсаттарға қол жеткізуге әсері. Тәуекел тәуекелдерді бағалау объектілеріне қатысты бизнес-процестің не тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге теріс әсер ететін оқиға болу ықтималдығымен байланысты;

3) тәуекел өлшемі (тәуекел-тәбет) – Қоғам өз мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу процесінде қолайлы деп санайтын тәуекел деңгейі;

4) бас тәуекел-бақылаушы – Қоғамның тәуекелдерді басқарудың тәуелсіз корпоративтік функциясын білдіретін, тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық және бақылау функцияларын орындауға жауапты қызметкері;

5) комплаенс-бақылаушы – комплаенс-бақылауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға және комплаенс-тәуекелдерді барынша азайтуға жауапты Қоғам қызметкері;

6) бизнес-процестің иесі – Қоғам Басқармасының мүшесі, құрылымдық бөлімшенің басшысы не бизнес-процестің мақсатына қол жеткізуге жауапты қызметкер;

7) бизнес-процеске қатысушы – Қоғамның құрылымдық бөлімшелері, қызметкерлері, сондай-ақ бизнес-процесті жүзеге асыруға қатысатын сыртқы мүдделі тараптар;

8) тәуекел иесі – белгілі бір тәуекелді басқарудың барлық аспектілеріне, атап айтқанда, тәуекелді іске асыру ықтималдығын төмендетуге және/немесе тәуекелді іске асырудан болатын салдардың Қоғамға ықтимал әсерін төмендетуге жауапты тұлға (қызметкер/құрылымдық бөлімше);

9) мүдделі тарап – Қоғам ұсынатын қызметтерді тұтынушылар, ҚР ҰБ

ұйымдары мен бөлімшелері, сондай-ақ Қоғамның қандай да бір шешіміне немесе қызметіне ықпал етуі немесе ықпал етуі мүмкін басқа да жеке және заңды тұлғалар.

3. Тәуекелдерді басқарудың мақсаты мен міндеттері

5. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру процесінде Қоғамның өз қызметінің мақсаттарына қол жеткізу және оған жүктелген функцияларды орындау мүмкіндігіне қатысты белгісіздік туғызатын және Қоғамның бизнес-процестеріндегі бұзушылықтарға, оның іскерлік беделіне, қаржылық шығынына, сондай-ақ басқа да келеңсіз зардаптарға әкеп соғатын сыртқы және ішкі факторларға тап болады.

6. Осыған байланысты Қоғамның жоғары басшылығы мен қызметкерлері Қоғам қызметінде туындайтын тәуекелдерді басқаруға едәуір көңіл бөледі және осы саладағы қазіргі заманғы стандарттар мен үздік практикаларды ұстанады.

7. Тәуекелдерді басқару жүйесі Қоғам қызметінің барлық түрлерінің ажырамас бөлігі болып табылады және басқарушылық шешімдерді қабылдау мен орындаудың Қоғамның корпоративтік басқару жүйесіне және бизнес-процестеріне интеграцияланған үздіксіз және итеративті процесі болып табылады.

8. Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану саласы Қоғамның барлық сәйкестендірілген бизнес-процестері мен активтеріне, сондай-ақ Қоғам қатысушылары болып табылатын ҚР ҰБ түйінді бизнес-процестеріне қолданылады.

9. Тәуекелдерді басқарудың мақсаты белгісіздік жағдайында Қоғам қызметінің мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін шаралар кешенін әзірлеу мен іске асырудан тұрады.

10. Тәуекелдерді басқару шеңберінде мынадай негізгі міндеттер шешіледі:

1) қажетті ресурстардың болуын және тәуекелдерді басқару жүйесінің ішкі және сыртқы ортаның жай-күйіне, Қоғам қызметінің ұйымдық құрылымы мен ауқымына сәйкестігін қамтамасыз ету;

2) Қоғам қызметінің барлық түрлеріне тәуекелдерді басқаруды интеграциялауды қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқарудың тиімді құрылымы мен процесін әзірлеу және қолдау;

3) Қоғам қызметіне тән тәуекелдерді басқаруға бағытталған Қоғамның ішкі бақылауының тиімді жүйесін әзірлеу және қолдау;

4) ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді қадағалау, Қоғам қызметі процесінде туындайтын тәуекелдерді уақтылы анықтау және оларға барабар ден қою;

5) тәуекелдерді басқару саласындағы әдіснаманы, құжатталған процестер мен рәсімдерді әзірлеу және өзекті жағдайда ұстау;

6) Қоғамда тәуекел мәдениетін дамыту.

4. Тәуекелдерді басқару қағидаттары

11. Қоғамның тәуекелдерін басқаруда мынадай қағидаттар қолданылады:

1) Қоғам басшылығының тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруға, қолдауға және дамытуға мүдделілігі және жетекші рөлі, тәуекелдерге формальды көзқарасқа жол бермеу;

2) құрылымдалған және кешенді тәсілді қамтамасыз ету - тәуекелдерді басқару Қоғам қызметінің барлық түрлеріне қолданылады, басқарудың корпоративтік жүйесінің бір бөлігі болып табылады және барлық деңгейлерде Қоғам қызметін басқаруға әсер етеді;

3) тәуекелдерді басқарудың корпоративтік функциясының тәуелсіздігі;

4) бизнес-процестерге ықпалдасу - тәуекелдерді басқару Қоғамның басқарушылық шешімдері мен бизнес-процестерін қабылдаудың ажырамас бөлігі болып табылады;

5) бейімделу - тәуекелдерді басқару құрылымы мен процесі Қоғамның сыртқы және ішкі контекстін ескере отырып, арақатынасқа келтіріледі және реттеледі;

6) мүдделі тараптарды тарту - Қоғамның тәуекелдерін басқару ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың пікірлері, білімі мен мүдделері ескеріле отырып жүзеге асырылады;

7) серпінділік - Қоғамның тәуекелдерін басқару Қоғамның сыртқы және ішкі контекстіндегі өзгерістерге уақтылы және тиісінше ден қоюды қамтамасыз етеді;

8) ең озық қолжетімді ақпаратты пайдалану - Қоғамның тәуекелдерін басқару осы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді белгілей отырып, өзекті және шынайы ақпаратты пайдалануға негізделген;

9) мәнділік және орындылық - Қоғам тәуекелдеріне ықпал ету тәсілін таңдау кезінде шешімдер қабылдау тәуекелдер деңгейіне сүйене отырып және тәуекелдерге ықпал ету шараларын іске асырудан түскен шығындар мен пайданың арақатынасын, сондай-ақ көрсетілген шараларды қабылдаудың орындылығын айқындайтын басқа да факторларды ескере отырып жүзеге асырылады;

10) ақпараттық ашықтық және сыртқы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл;

11) оқыту және уәждеу - Қоғамда Қоғамның тәуекелдерді басқару процестеріне тартылған қызметкерлердің тәуекелдерді басқарудың қазіргі заманғы стандарттары мен практикаларына оқытылуын және тәуекелдер, оқиғалар мен оларға ден қою жөніндегі ұсыныстар туралы уақтылы хабардар еткені үшін жазаның жоқтығын көздейтін уәждеу шараларын қолдануды және Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі міндеттерді тиімді орындауын ынталандыратын қызметкерлердің өтуін қамтамасыз етеді;

12) ұдайы жетілдіру - Қоғамның тәуекелдерін басқару Қоғам қызметінің мақсаттарына қол жеткізуді және функцияларын орындауды қамтамасыз ететін Қоғам қызметінің тиімділігін ұдайы жақсартуға, сондай-ақ арттыруға, Қоғамның бизнес-процестері мен ұйымдық құрылымын оңтайландыруға бағытталған.

5. Тәуекелдерді жіктеу және тәуекелдер критерийлері

12. Қоғам қызметінде тәуекелдердің әртүрлі түрлері туындауы мүмкін, олар жекелеген бизнес-процестерді, сондай-ақ бірқатар бизнес-процестерді және тұтастай алғанда Қоғамның қызметін қозғауы мүмкін:

1) стратегиялық тәуекел - Қоғамның қызметі мен даму стратегиясын айқындайтын шешімдер қабылдау кезіндегі қателер (кемшіліктер), қабылданған шешімдерді тиісінше іске асырмау және сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерге барабар емес немесе уақтылы ден қоймау салдарынан Қоғам қызметінің мақсаттарына қол жеткізбеу тәуекелі;

2) бедел тәуекелі - Қоғам жүргізетін саясат, оларға көрсетілетін қызметтердің сапасы немесе тұтастай алғанда қызметінің сипаты туралы теріс пікір қалыптастыру салдарынан Қоғамның іскерлік беделіне зиян келтіру тәуекелі;

3) операциялық тәуекелдер - бизнес-процестердің және Қоғамның ұйымдық құрылымының жеткіліксіз тиімділігі, заңнамалық және реттеушілік талаптардың, сондай-ақ Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарының сақталмауы, қате шешімдер қабылдау, Қоғам қызметкерлерінің қате іс-әрекеттері, бағдарламалық және техникалық құралдардың жұмысындағы іркілістер, төтенше жағдайлар және өзге де ішкі және сыртқы факторлар салдарынан Қоғам қызметі үшін теріс салдарлар тәуекелдері;

Операциялық тәуекелдерге мыналар кіреді: құқықтық тәуекел, комплаенс-тәуекел, сыбайлас жемқорлық тәуекелі, құрылым тәуекелі, басқару тәуекелі, персонал тәуекелі, технологиялар тәуекелі, регламенттеу тәуекелі, қызметтің үздіксіздігін бұзу тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі, жобалық қызметке тән тәуекелдер, сатып алу қызметіне тән тәуекелдер, сондай-ақ сыртқы факторларға негізделген тәуекелдер.

4) қаржылық тәуекелдер — қаржы активтерін иелену және қаржы құралдарымен операциялар жасау нәтижесінде туындауы мүмкін қаржылық шығындар тәуекелдері.

13. Қоғамның тәуекелдерінің әртүрлі түрлері өзара байланысты болуы мүмкін, бір тәуекелді іске асыру деңгейін өзгертуі немесе басқа тәуекелдерді іске асыруға әкелуі мүмкін.

14. Тәуекелдер критерийлері (тәуекел-тәбет) Қоғамның олар қозғайтын тәуекелдер түрлеріне, қызмет бағыттары мен бизнес-процестеріне байланысты белгіленеді және Қоғамның міндеттемелерін, мүдделі тараптардың мүдделері мен пікірлерін ескере отырып, ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістер кезінде түзетілуі мүмкін.

6. Тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысушылардың ұйымдық құрылымы мен рөлі

15. Қоғамдағы тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы «қорғаудың үш желісі» моделіне негізделген.

16. Тәуекелдерді басқару жүйесінің қатысушылары:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға жауапты Қоғамның Директорлар кеңесі, Қоғам Басқармасы.

2) қорғаудың бірінші желісі (бизнес-процестердің иелері және бизнес-процестерге қатысушылар, тәуекелдердің иелері) - функцияларына қызмет бағыттарын және осы қызметке тән тәуекелдерді басқару, сондай-ақ ішкі бақылаудың тиісті жүйесін қамтамасыз ету, тәуекелдерді жоспарлы бағалауды жүргізуге қатысу кіретін қорғау желісі;

3) қорғаудың екінші желісі (бас тәуекел-бақылаушы, комплаенс-бақылаушы) - тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің әдіснамалық негізін әзірлеуді және жетілдіруді, бақылау функцияларын орындауды және тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметті үйлестіруді, тәуекелдерді жоспарлы бағалауды ұйымдастыру мен жүргізуді, тәуекелдер бойынша есептілікті қалыптастыруды, тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеуді, ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін қорғау желісі тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша оқыту және консультация беру;

4) үшінші қорғау желісі (ішкі немесе сыртқы аудит) - тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы процестерінің тиімділігін бағалауды, қорғаудың бірінші және екінші желілерін тексеруді, бұзушылықтарды анықтауды және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды қамтамасыз ететін қорғау желісі;

5) басқа да ішкі және сыртқы мүдделі тараптар.

17. Қоғамның әрбір тұлғасы шешімдер қабылдау кезінде тәуекелдерді тиісінше қарауды қамтамасыз етеді.

18. Қоғамның Директорлар кеңесі:

тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын Саясатты және басқа да ішкі құжаттарды бекітеді;

тәуекелдер бойынша есептілікті қарайды және Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

19. Қоғамның Басқармасы:

Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды енгізуді қамтамасыз етеді;

Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын Қоғам тәуекелдерін басқару жөніндегі ішкі құжаттарды әзірлеуді және бекітуді қамтамасыз етеді;

тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді

жұмыс істеуін іс жүзінде іске асыру және оған бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін үздіксіз жүзеге асыру жолымен қамтамасыз етеді;

Директорлар кеңесі шешімдерінің және Директорлар кеңесі Ішкі аудит комитетінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саласындағы ұсынымдарының орындалуына жауап береді;

бас тәуекел-бақылаушы енгізген тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ақпараттық анықтамаларды, ұсыныстар мен ұсынымдарды қарайды және оларды қарау нәтижелері бойынша шешімдер қабылдайды;

тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингін жүзеге асырады;

сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді;

тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті төмендегі деңгейдегі басшылар және/немесе Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары арасында бөледі.

20. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес құрылымдық бөлімшелер қызметінің бағыттарын және осы қызметке тән тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады, сондай-ақ өздеріне сеніп тапсырылған функционалдық қызмет салаларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеуді, құжаттандыруды, енгізуді, мониторингілеуді және дамытуды қамтамасыз етеді.

21. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары Саясаттың 20-тармағында айқындалған міндеттердің орындалуы үшін жауапты болады.

22. Құрылымдық бөлімшелер:

бизнес-процестердің құжатталған сипаттамасын және бизнес-процестердің активтерін сәйкестендіруді қамтамасыз етеді;

ағымдағы қызметті жүзеге асыру процесінде осы тәуекелдерді ескере отырып, тәуекелдерді бағалауды және шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді;

тәуекелдерді басқару жөніндегі міндеттерді іске асыру шеңберінде жұмыс топтарының қызметіне қатысады;

тәуекелдерге жоспарлы бағалау жүргізуге, бас тәуекел-бақылаушы жүргізетін сауалнамалар мен сұхбаттарға қатысады;

толық және дұрыс ақпарат беру және бас тәуекел-бақылаушының міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға бас тәуекел-бақылаушының қол жеткізуін қамтамасыз ету арқылы бас тәуекел-бақылаушыға жәрдем көрсетеді;

құрылымдық бөлімшенің тәуекелдер мониторингін жүзеге асырады;

ағымдағы қызметті жүзеге асыру процесінде анықталған тәуекелдердің бас тәуекел-бақылаушысын хабардар етуді қамтамасыз етеді;

бөлімшенің қызметіне тән тәуекелдерді ескере отырып, қызметті жоспарлайды, құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларына тәуекелдерді

өңдеу жөніндегі іс-шаралардың енгізілуін қамтамасыз етеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

23. Бас тәуекел-бақылаушы тәуекелдерді басқарудың тәуелсіз корпоративтік функциясын білдіреді және:

тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің әдіснамалық негізін әзірлеу және жетілдіру;

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметін жалпы үйлестіруді;

тәуекелдерді басқару процесін бақылау,

тәуекелдерді жоспарлы бағалауды ұйымдастыру және жүргізу;

Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің және/немесе Қоғам басқармасының қарауына тәуекелдер бойынша есептілікті қалыптастыру және ұсыну;

Қоғамның тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша ішкі және сыртқы өзара іс-қимылды ұйымдастыруды;

Қоғам қызметкерлеріне тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша консультация беру;

Қоғам қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы білімдерін оқытуды және тестілеуді ұйымдастыру.

24. Бас тәуекел-бақылаушыға өзіне жүктелген функцияларды іске асыру үшін қажетті өкілеттіктер беріледі және оған жүктелген функцияларды Директорлар кеңесімен, Басқармамен, алқалы органдармен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен және қызметкерлерімен, сондай-ақ ҚР ҰБ бөлімшелерімен және басқа да сыртқы мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасай отырып орындайды.

25. Қоғамның бас комплаенс-бақылаушысы Қоғамның комплаенс-тәуекелдерінің алдын алуға және азайтуға бағытталған комплаенс-бақылаудың тиімді жүйесін құруды қамтамасыз етеді. анықталған комплаенс-тәуекелдердің мониторингі, Қоғам қызметкерлерінің комплаенс бойынша міндеттемелерді сақтауын бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік этика мен мінез-құлық мәселелерін сақтауды қоса алғанда, Қоғамның қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелерінің ұсынымдар мен шараларды, комплаенс-тәуекелдерді барынша азайтуға және жоюға, сондай-ақ Қоғамның бас комплаенс-бақылаушысы туралы ережеде көзделген өзге де міндеттер мен функцияларды орындауға бағытталған.

6. Тәуекелдерді басқару процесі

26. Тәуекелдерді басқару процесі басқарудың және шешім қабылдаудың ажырамас бөлігі болып табылады және Қоғамның құрылымы мен бизнес-процестеріне интеграцияланған.

27. Қоғамның тәуекелдерді басқару процесінің контексті Қоғамның жалпы корпоративтік басқару жүйесінде айқындалған Қоғамның сыртқы және ішкі ортасына сәйкес белгіленеді.

28. Тәуекелдерді басқару процесі келесі кезеңдердің интерактивті

орындалуын қамтиды:

1) тәуекелді бағалау - бизнес-процестерге және Қоғам қызметіне тән тәуекелдерді сәйкестендіру, анықталған тәуекелдерді талдау және талдау нәтижелерін тәуекелге одан әрі ықпал етуге қатысты шешім қабылдау үшін тәуекелдердің белгіленген критерийлерімен салыстыру.

Қоғам қызметіне тән тәуекелдерді тұтастай және анық түсіну үшін жыл сайынғы негізде тәуекелдерді жоспарлы бағалау жүргізіледі, оның нәтижелері тәуекелдерді бағалау жөніндегі қорытынды есепте көрсетіледі және тәуекелдер тізілімін, тәуекелдер картасын және тәуекелдерді өңдеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын қамтиды.

Тәуекелдерді бағалау, бағалау объектілері, тәуекелдердің туындауына ықпал ететін көздер мен оқиғалар, мүдделі тараптардың білімі мен пікірлері туралы өзекті және шынайы ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Тәуекелдерді бағалау кезінде тәуекелдің ерекшелігімен айқындалатын сапалық және сандық бағалау әдістері пайдаланылады.

2) тәуекелді өңдеу – тәуекелге әсер етудің бір немесе бірнеше тәсілін таңдау, тәуекелді өңдеу жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және іске асыру.

Қоғамда тәуекелге ықпал етудің мынадай тәсілдері қолданылады:

тәуекелді қабылдау – тәуекелдің ықтималдығын немесе ықпалын төмендетуге бағытталған қандай да бір іс-әрекеттерден саналы түрде бас тарту;

тәуекелден бас тарту – тәуекелдің туындау көзі болып табылатын іс-әрекеттерді жүзеге асыруды жалғастырудан саналы түрде бас тарту;

тәуекелді барынша азайту – тәуекелдің ықтималдығын немесе ықпалын азайту жағына қарай өзгерту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және орындау жолымен тәуекелге әсер ету;

тәуекелді ауыстыру – сақтандыру (хеджирлеу) немесе аутсорсинг жолымен тәуекелді басқа субъектілерге ауыстыру.

Тәуекелге ықпал ету тәсілін таңдау Қоғамның мақсаттары мен міндеттемелеріне сәйкес, сондай-ақ мәнділік және орындылық қағидатына сәйкес жүзеге асырылады.

3) тәуекелдер мониторингі – Қоғамның тәуекелдерін, оның ішінде тәуекелдер деңгейінің белгіленген критерийге сәйкестігін қадағалау, қабылданған бақылау шараларының, тәуекелге ықпал етудің таңдап алынған тәсілдерінің және тәуекелдерді өңдеу бойынша іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін талдау.

29. Тәуекелдерді басқару жүйесін, тәуекелдерді басқару процесін және оның нәтижелерін мониторингілеу және мерзімді қайта қарау Қоғамда тәуекелдерді басқару саласындағы Саясатты және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды орындауды бақылау, ішкі немесе сыртқы тексерулер (аудиттер) жүргізу, сыртқы мүдделі тараптардың ұсынымдарын орындау арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

30. Тәуекелдерді басқару процесі және оның нәтижелері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құжатталады және тәуекелдер бойынша

есептілікте көрсетіледі.

31. Қоғамда тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша хабардар болуды арттыру және кері байланыс алу мақсатында ішкі және сыртқы мүдделі тараптармен ақпарат алмасу және консультация беру ұйымдастырылды.

8. Басқа ережелер

32. Қоғамның тәуекелдерді басқару саласындағы қызметті регламенттейтін Саясатын және басқа да құжаттарын қайта қарау және өзектендіру жылына кемінде бір рет, сондай-ақ ішкі немесе сыртқы ортада өзгерістер туындаған не Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін мониторингілеу және бағалау нәтижелерін ескере отырып, Қоғамның тәуекелдерді басқаруға көзқарасы өзгерген кезде жүзеге асырылады.

33. Саясат жалпыға бірдей қолжетімді құжат болып табылады және Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.